

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и
строительства

МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОММУНАЛДЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН
ТӨЛЕМДЕРДІ ОЛАРДЫ ТҰТЫНУДЫ БІРІКТІРІЛГЕН
ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ КЕЗІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛУ
АСПАПТАРЫ МЕН ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**МЕТОДИКА РАСЧЕТА ПЛАТЕЖЕЙ ЗА КОММУНАЛЬНЫЕ
УСЛУГИ ПРИ КОМБИНИРОВАННОЙ СИСТЕМЕ УЧЕТА
ИХ ПОТРЕБЛЕНИЯ ПО ПРИБОРАМ УЧЕТА И НОРМАМ
ПОТРЕБЛЕНИЯ**

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2025

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «САПА СТРОЙ АСПЕКТ» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2025 жылғы «29» желтоқсанның № 175-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** Қайта өңделген

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** ТОО «САПА СТРОЙ АСПЕКТ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 29 декабря 2025 года № 175-НҚ
- 4. ВЗАМЕН** Переработанное

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	1
2. Нормативтік сілтемелер	1
3. Терминдер мен анықтамалар	3
4. Жалпы ережелер	4
5. Есеп айырысуды ұйымдастыру және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі	4
6. Төлемді анықтау және есептеу тәртібі	10
7. БЕО қызметіне қойылатын техникалық талаптар	26
8. Шарттарды жасасу және бұзу тәртібі	27
9. Аналитика, қолдау және өзара әрекеттесу	30
Библиография	32

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТЫ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОММУНАЛДЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН ТӨЛЕМДЕРДІ ОЛАРДЫ
ТҰТЫНУДЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ КЕЗІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛУ
АСПАПТАРЫ МЕН ТҰТЫНУ НОРМАЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУ
ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА РАСЧЕТА ПЛАТЕЖЕЙ ЗА КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛУГИ ПРИ
КОМБИНИРОВАННОЙ СИСТЕМЕ УЧЕТА ИХ ПОТРЕБЛЕНИЯ ПО
ПРИБОРАМ УЧЕТА И НОРМАМ ПОТРЕБЛЕНИЯ

Енгізілген күні – 2025-12-29

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы Коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді оларды тұтынуды біріктірілген есепке алу жүйесі кезінде есепке алу аспаптары мен тұтыну нормалары бойынша есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) тұтынушыларға ұсынылған коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлем талаптарын қою және төлем жинау процесін ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2 Әдістеме Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларына сәйкес жылумен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, лифтілерге қызмет көрсетуді, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен әкетуді (қоқыс шығару) қоса алғанда, коммуналдық көрсетілетін қызметтердің барлық түрлеріне арналған есептеулерге қолданылады.

1.3 Әдістемеді коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді есептеу формулалары есепке алу аспаптары бойынша олардың нақты тұтынылуын ескере отырып, сондай-ақ аспаптар болмаған жағдайда, тұтыну нормалары бойынша келтірілген.

Әдістеме көрсетілген қызметтер, есептеулер және жасалған төлемдер туралы хабардар етуді қоса алғанда, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында тұтынушыларға ұсынылатын қызмет көрсету тәртібін айқындайды және коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлем алу процесін ұйымдастыруды регламенттейді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы әдістемелік нұсқауларды қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі №11-VI Қазақстан Республикасының Заңы.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI Заңы.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңы.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 337 «Суды және (немесе) сарқынды суларды есептеу аспаптары жоқ су тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін коммерциялық есептеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 16 қазандағы № 441 «Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 340 «Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 58 «Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 377 «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 «Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 «Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстау қағидаларды бекіту туралы» бұйрығы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 15 «Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді және коммерциялық есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылу энергиясын сату бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

ҚР СТ ISO/IEC 27001-2023 Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік және құпиялылықты қорғау. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйелері.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативтерді пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылғы жағдай бойынша құрылатын және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған журналдарға және стандарттардың ақпараттық көрсеткіштеріне сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі», «ҚР ұлттық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша сілтемелік құжаттардың қолданысын тексеру орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Әдістемеде мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

3.1 Бірыңғай есеп айырысу орталығы (БЕО): Уәкілетті орган айқындайтын жұмыс талаптары мен тәртібіне сәйкес келетін, бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар [1].

3.2 Бірыңғай төлем құжаты (БТҚ): Коммуналдық және қосымша қызметтерге төлем төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған, төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде немесе оның көмегімен жүзеге асырылатын қағаз жеткізгіште жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған құжат [1].

3.3 Есепке алу аспабы: Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеке және (немесе) үй бойынша ортақ тұтынуды коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы [3].

3.4 Коммуналдық көрсетілетін қызметтер: Тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқыс әкетуді, лифтілерге қызмет көрсетуді қамтитын қызметтер [3].

3.5 Тұтынушы: Коммуналдық және өзге де қосымша көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға [3].

3.6 Жеткізуші: Меншік нысанына қарамастан, бекітілген шартқа сәйкес тұтынушыларға коммуналдық көрсетілетін қызметтер көрсететін заңды немесе жеке тұлға [3].

3.7 Үйге ортақ инженерлік жүйелер: Көппәтерлі тұрғын үйде пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтұрақ орнының, қойманың шегінен тыс жердегі немесе ішіндегі және екі және одан көп пәтерге, тұрғын емес үй-жайға, орынтұрақ орнына, қоймаға қызмет көрсететін суық және ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, түтін жою, өрт дабылы, ішкі өртке қарсы су құбыры, жүк және жолаушы лифтілері (көтергіштер), қоқыс әкету, ауабаптау, желдету, жылуды реттеу және вакуумдау жүйелері, тоғы әлсіз инженерлік жүйелер [3].

3.8 Кондоминиум объектілерін басқару субъектісі: Басқарушы компания, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің кооперативі.

3.9 Көппәтерлі тұрғын үйдің мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ): Коммерциялық емес ұйым болып табылатын, бір көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері құрған, кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыратын, оны күтіп ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды тұлға.

3.10 Уақытша басқарушы компания: Кондоминиум объектісін басқару субъектісінің функцияларын пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдаған немесе тұрғын үй инспекциясымен жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісін басқару субъектісін таңдаған сәтке дейін жүзеге асыратын басқарушы компания.

3.11 Сервистік қызмет субъектісі: Жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға.

3.12 Сумен жабдықтау: Су ресурстарын жинауды, сақтауды, дайындауды, беруді және бөлуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы.

3.13 Су бұру: Сарқынды суларды жинауды, тасуды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы.

3.14 Электрмен жабдықтау: Электр энергиясын өндіру, беру және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет.

3.15 Жылумен жабдықтау: Жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті өндіру, беру, бөлу және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет.

3.16 Лифт: Тігінен еңіс бұрышы 15 аспайтын, қатты тік сызықты бағыттағыштарға қарай қозғалатын кабинада адамдарды және (немесе) жүктерді көтеру және түсіруге арналған мерзім сайын іске қосылатын стационарлық жүк көтергіш механизм.

3.17 Лифтілерге қызмет көрсету: Нормативтік-техникалық құжаттамаға (дайындаушы зауыттың ережелері, стандарттары, нұсқаулықтары), ұлттық стандарттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес лифттің жұмыс істеу қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қолдау үшін сервистік қызмет көрсету бойынша қызмет.

3.18 Транзиттік шот: Екінші деңгейлі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылатын, көрсетілген қаражатты тиісті қызметтерді көрсетушілердің есеп айырысу шоттарына кейіннен автоматтандырылған түрде бөлумен, Бірыңғай төлем құжаты негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардан түсетін ақшалай қаражатты жинақтауға арналған арнайы банктік шот.

3.19 Қатты тұрмыстық қалдықтар: Қатты түрдегі коммуналдық қалдықтар.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемді есептеу есепке алу аспаптары (жеке және үйге ортақ) бойынша және/немесе тұтыну нормалары бойынша айқындалатын тұтыну көлеміне қарай жүргізіледі.

Жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, газбен жабдықтау қызметтеріне арналған тұтыну нормаларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасының негізінде айқындайды.

4.2 Электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық көрсетілетін қызметтерге арналған тұтыну нормаларын есептеу Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді және коммерциялық есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылу энергиясын сату бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі.

4.3 Есепке алу аспаптары жоқ су тұтынушылар үшін сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың коммуналдық көрсетілетін қызметтерін тұтынуды есептеу Суды және (немесе) сарқынды суларды есептеу аспаптары жоқ су тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін коммерциялық есептеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

5.1 Коммуналдық көрсетілетін қызметтер Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларының 3-тармағына сәйкес ұсынылады. Тұтынушы мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер арасында

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарында белгіленген тәртіппен ресімделетін жеке не жария шарттар жасалады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жататын коммуналдық көрсетілетін қызметтерге төлем төлеу тәртібі тұрғын үй заңнамасының талаптарына сәйкес пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелерінің шешімімен жиналыста айқындалады [1].

Тұтынушы белгіленген сападағы және шартта және қолданыстағы заңнамада көзделген көлемде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді алуға құқылы. Тұтынушы заңнамада айқындалған жағдайларда оларды тексеру, қызмет көрсету және көрсеткіштер алу үшін есепке алу аспаптарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

5.2 Тұтынушы Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларына қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделген жеткізушінің төлем құжаты және (немесе) бірыңғай төлем құжаты негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлем жүргізеді.

5.3 Коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді қабылдау жеткізушілердің жеке кассалары және (немесе) екінші деңгейлі банктер, төлем ұйымдары арқылы, сондай-ақ ақша қаражатының пошта аударымдарын жүзеге асыратын пошта байланысы операторының кассалары арқылы жүзеге асырылады.

5.4 БЕО БТҚ негізінде түскен ақшалай қаражатты қаржы ұйымдарында ашылған арнайы транзиттік шоттарда жинақтайды. Көрсетілген қаражатты орналастыру үшін өзге шоттарды пайдалануға жол берілмейді. Жеткізушілерге қаражат аудару тұтынушылардан нақты келіп түскен төлемдер туралы деректерді БЕО өндегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

5.5 Екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеткізушілердің есеп айырысу шоттарына бөлінгенге дейін транзиттік шоттағы ақшалай қаражаттың сақталуын қамтамасыз етеді.

5.6 Жеткізушілерге арнайы транзиттік шоттан ақша қаражаты уақтылы аударылмаған жағдайда, өсімпұлды есептеу және төлеу БЕО мен қаржы ұйымдары, оның ішінде екінші деңгейлі банктер мен транзиттік шоты ашылған банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалатын есеп айырысу-кассалық қызметтер көрсетуге арналған шарттардың талаптарымен айқындалады.

5.7 Коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлем мерзімдері тұтынушы мен жеткізуші арасындағы шартта айқындалады, бұл ретте төлем, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

5.8 Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу қызметтік куәлікті көрсеткен кезде немесе деректерді қашықтықтан беру құрылғылары арқылы жеткізуші немесе оның өкілі ай сайын 20-сынан 30-на дейінгі күні жүргізіледі.

5.9 Тұтынушының есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін беруі жасалған шарттың талаптарына сәйкес, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісінің тұтынушысының жеке кабинеті, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісінің мобильді қосымшасы немесе интернет парағы арқылы Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өңдеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес, Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидалары [3] бойынша дербес жүзеге асырылады.

5.10 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі тұтынылған көрсетілетін қызметтердің көлемі үйге ортақ есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде, ал олар уақытша болмаған кезде, тұтыну нормалары (сумен жабдықтау және су бұру) бойынша не белгіленген қуат (электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) бойынша Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларына [3] сәйкес айқындалады.

5.11 Үйге ортақ есепке алу аспаптарын тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасына емес басқада орнатқан кезде, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін желі учаскесіндегі шығындар теңгерімдік тиесілілігіне сәйкес желі учаскесінің иесіне шарттық негізде жатқызылады.

5.12 Өлшемділік, босату және лифтілерге қызмет көрсету үшін төлем әдісі мәселелері бойынша шешімдер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің жиналысында қабылданады.

5.13 Мүлік иелері бірлестігінің төрағасы, кондоминиум объектісін басқару субъектісі не тікелей коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізуші арқылы төлем тәсілін айқындауды қоса алғанда, көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жататын коммуналдық көрсетілетін қызметтерге төлем төлеу тәртібі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысының шешімімен белгіленеді.

Жеткізуші мен тұтынушы арасындағы даулы мәселелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шешіледі.

Жеткізуші мен тұтынушы арасында туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік болған жағдайда, тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, шағым жолдауға құқылы. Тараптар барлық дауларды келіссөздер арқылы шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер жауап берушінің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

5.14 БЕО іріктеуді жергілікті атқарушы органдар Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларының [3] талаптарына сәйкес бекітілген өлшемшарттар негізінде конкурс өткізу жолымен жүзеге асырады.

БЕО қызметін облыс шегінде, оның ішінде қалалар, аудандар, аудандық маңызы бар қалалар және ауылдық елді мекендер шегінде жүзеге асырады. БЕО жеткізушілерден барлық есептеулерді тұтынушыға берілетін бір төлем құжатына біріктіреді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бір немесе бірнеше БЕО анықталуы мүмкін.

5.15 БЕО шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды қоса алғанда, кәсіпкерлік қызмет субъектілері нысанында не заңнамада және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде көзделген өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады.

5.16 БЕО абоненттердің дерекқорына қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, тұтынушылар үшін жеке кабинеттер ашады, жеткізушілерге есептілікті қалыптастырады және ұсынады, жоспарлы есептеулер мен нақты төлемдер туралы ақпаратты ай сайын беруді жүзеге асырады, сондай-ақ «Орталықтандырылған түрде жинау АЖ-мен» интеграциялау арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың сақталуын ескере отырып, тұтынушылар туралы деректерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

5.17 БЕО жеткізуші ұсынған есеп айырысу шоттары туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

5.18 БЕО биллингті пайдаланады не қажетті бағдарламалық-техникалық құралдары және белгіленген талаптарға сәйкес функцияларды тиісінше орындауды қамтамасыз ететін білікті мамандары бар сыртқы ұйымды (биллингтік компанияны) тартады.

5.19 Есептеулердің дұрыстығын жоспарлы ішкі тексеру тоқсанына кемінде бір рет, жоспардан тыс - тұтынушылардан немесе уәкілетті органдардан өтініштер түскен кезде жүргізіледі.

5.20 Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, БЕО бұзушылықтарды жедел тіркеуге міндетті. Олар анықталған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде күні, сәйкессіздік сипаты және жауапты орындаушы көрсетіле отырып, анықталған ауытқу фактісін растайтын акт немесе жазба жасалады. Мұндай бекіту барлық түзету әрекеттерінің ашықтығы мен құжаттық расталуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қателіктердің пайда болу себептерін одан әрі талдау үшін қажет.

Осыдан кейін БЕО хабарламаны анықталған бұзушылықтарды жою функцияларын қамтитын тиісті құрылымдық бөлімшелерге жібереді. Хабарламада бұзушылық фактісін растайтын негіздер мен дәлелдер, сондай-ақ нақтылауды немесе қайта қарауды талап ететін нақты деректер көрсетіледі.

Осы хабарламаның негізінде тиісті шотты түзетуге бастамашылық жасалады, бұл есеп айырысулардың дұрыстығын қалпына келтіруді және тұтынушыларға төлемдердің дұрыс есептелуін қамтамасыз етеді.

5.21 Қателер мен сәйкессіздіктер анықталған кезде, олар туралы барлық мәліметтер, сондай-ақ жүргізілген тексерулердің нәтижелері міндетті тіркеуге және құжаттамалық ресімдеуге жатады, бұл ретте БЕО қателердің туындау себептерін анықтау және олардың қайталануына жол бермеу мақсатында шот-фактуралардың ішкі рәсімін қайта қарауды жүргізу қажет. Мұндай қайта қарау есеп айырысу операцияларының дұрыстығын және қаржылық есептіліктің ашықтығын арттыруды қамтамасыз етеді.

БЕО рәсімдерді қайта қараудан басқа, шоттарды қалыптастыру және бақылау тәртібін реттейтін тиісті ішкі нормативтік талаптарды қайта қарауға бастамашылық етеді.

Бұзушылықтар немесе белгіленген рәсімдерден ауытқулар анықталған жағдайда, олар туралы ақпарат сәйкессіздік туралы актіні не ішкі қызметтік есепті міндетті ресімдей отырып, сәйкессіздіктерді тіркеу журналында белгіленуге тиіс. Бұл бұзушылық фактісін құжат түрінде растау және одан әрі түзету шараларын қабылдау үшін қажет.

Нақты коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін есептеулерден сәйкессіздіктер анықталған кезде (мысалы, тұтыну көлеміндегі, тарифтердегі, есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріндегі немесе есептеулердегі қателер), осы көрсетілген қызметтер бойынша есептеулер оларды дұрыс қайта есептегенге дейін уақытша тоқтатылады. Тұтынушы анықталған қателер жойылған сәтке дейін осындай дұрыс есептелмеген сомаларды төлеуге жауапты болмайды.

5.22 Барлық тексерулердің нәтижелері өткізілген күннен бастап кемінде үш жыл ішінде құжаттамалық ресімделуге және сақталуға тиіс;

5.23 БЕО-ға қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретінде тіркелу;
2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес пайдаланылатын есепке алу және есеп айырысу процестерін автоматтандыруға арналған қазіргі заманғы ақпараттық жүйелердің болуы, ол ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган беретін сәйкестік аттестатымен және (немесе) ол аккредиттеген ұйым берген сәйкестік сертификатымен расталған болуға тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды сақтау;

4) кемінде екі екінші деңгейлі банкпен жасалған келісімдердің болуы;

5) тұтынушылардың дербес деректерін қорғау тетіктерінің болуы.5.24 БЕО функциялары тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетуді және олармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Негізгі міндеттердің бірі - азаматтарға нақты уақыт режимінде әртүрлі байланыс арналары - телефон, электрондық пошта, онлайн-чат немесе арнайы платформалар арқылы консультациялық қолдау көрсету.

Өтініштермен жұмыс белгіленген кестеге сәйкес жүзеге асырылады, бұл мамандардың үнемі дайын болуын және коммуналдық көрсетілетін қызметтердің есептеулеріне, төлемдеріне және оларды ұсынудың техникалық ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелерді жедел шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

БЕО азаматтардың шағымдары мен өтініштерін қарау рәсімдерін ұйымдастырады. Барлық келіп түскен өтініштер міндетті тіркелуге және он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралуға тиіс.

Қажет болған жағдайда, қарау мерзімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы өтініш берушіге белгіленген тәртіппен хабарланады.

Мұндай тәсіл адал әкімшілендіру қағидаттарының ашықтығы мен сақталуын қамтамасыз етеді, азаматтардың жүйеге деген сенімін арттыруға және БЕО-ның жауапты және ашық қызмет көрсетуші ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

5.25 БЕО-ның ресми сайттары мен ақпараттық ресурстарында басқару органдарының ұйымдық құрылымы мен құрамы туралы мәліметтер, пайдаланылатын технологиялық шешімдер мен ақпараттық жүйелердің тізбесі, сондай-ақ деректердің қауіпсіздігін және жүйенің ақаулыққа төзімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар туралы ақпарат орналастырылуы керек.

Сонымен қатар төлемдер, пайдаланушылар саны және БЕО қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы жалпы ақпарат жарияланады. Жергілікті атқарушы және өзге де уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша шотта көрсетілген коммуналдық көрсетілетін қызметтер бойынша берешек туралы деректер ұсынылады.

5.26 Ұсынылатын көрсетілетін қызметтер сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін БЕО қызметінің нәтижелілігін бағалауды жүргізу, есептеулердің мерзімдері мен дәлдігін сақтау, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттанушылығына қол жеткізу мерзім сайын ұсынылады.

Ол үшін БЕО жұмысының тиімділігін көрсететін нақты бағдарлар мен көрсеткіштер белгіленеді.

Қызмет көрсету сапасы, азаматтардың сұрау салуы мен шағымдарына жедел ден қою, есептеулердің дәлдігі және шот-фактуралардың уақтылығы, деректерді өңдеу қауіпсіздігі деңгейінің көрсеткіштері, дербес ақпаратты қорғау және жүйенің жұмыс істеуінің тұрақтылығы сияқты өлшемшарттарға басты назар аударылады.

Тұтынушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі, нақты тұтыну деректеріне байланысты есептеулер бойынша түзетулерді уақтылы жүргізу, сондай-ақ азаматтарға төлемнің әртүрлі және ыңғайлы тәсілдерін қамтамасыз ететін екінші деңгейлі банктермен және төлем ұйымдарымен интеграцияның болуы мен тиімділігі қосымша ескеріледі.

5.27 Белгіленген бағдарларға қол жеткізуді бақылауды жергілікті атқарушы органдар БЕО-мен шарттық қатынастар шеңберінде жүзеге асырады.

Мониторинг нәтижелері жүйелі есептілік жүргізуге және орталықтың ресми ресурстарында міндетті түрде жариялануға жатады.

Қызметтің әрбір бағыты үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге, ішкі регламенттерге және шарттық міндеттемелерге сәйкес нақтыланатын нақты нысаналы мәндер белгіленеді.

5.28 Нәтижеліліктің қорытынды бағасы күнтізбелік жылдағы деректер негізінде жүргізіледі және оң нәтижелерге қол жеткізілген және белгіленген көрсеткіштер орындалған жағдайда, БЕО-мен шарттың қолданылу мерзімі келесі бес жылға ұзартылуы мүмкін.

5.29 Тұтынушының құқықтары мен міндеттері:

1) оның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз, оның мүлкіне зиян келтірмейтін, шарт талаптарына сәйкес мөлшерде белгіленген сападағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді алады;

2) осы көрсеткіштерді бақылауды жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органдардан көрсетілетін қызметтерге бағаларды (тарифтерді) белгілеу тәртібі туралы ақпарат алады;

3) жеткізушіден коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудағы кемшіліктер салдарынан жеткізушінің кінәсінен өмірге, денсаулыққа не мүлікке келтірілген залалдар мен зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді талап етеді;

4) жеткізушіден жылу энергиясымен, электр энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке төлем төлеу бойынша қайта есептеуді, сумен жабдықтауды және (немесе) су бұруды және сумен шарттың талаптарына сәйкес сапасыз коммуналдық көрсетілетін қызметті толық жеткізбеуден немесе жеткізуден келтірілген нақты залалды өтеуді талап етеді;

5) техникалық шарттар бойынша қосылу үшін рұқсат етілген қуат уақтылы төленген және асырылмаған жағдайда өзіне қажетті мөлшерде энергия мен суды пайдаланады;

6) Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларында [4] белгіленген тәртіппен, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы өтініш беру жолымен энергиямен жабдықтаушы ұйымды ауыстырады;

7) аварияларды жою, есепке алу аспаптарын тексеру, есепке алу және бақылау аспаптарының көрсеткіштерін алу үшін жеткізуші өкілдерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

8) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау кезінде, типі мен құрамына қарай, қалдықтардың белгілі бір түрлері үшін көзделген контейнерлерде және басқа да сыйымдылықтарда қоймалауды жүзеге асырады;

9) бірыңғай төлем құжатының электрондық нұсқасын «ТКШ бірыңғай платформасынан» алады.

10) қажет болған жағдайда, төлем құжатын қағаз түрінде жеткізуді ұйымдастыруды БЕО жүзеге асырады. Бұл ретте қағаз төлем құжаты тұтынушы қол қойған қағаз түрінде төлем құжатын алуға өтініш болған кезде жеткізіледі.

5.30 Жеткізушінің құқықтары мен міндеттері:

1) ұсынылған коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін тұтынуды және төлемді бақылауды жүзеге асырады және ұсынылған көрсетілетін қызметтер үшін толық көлемде төлемді алады;

2) жасалған шарттар негізінде тұтынушыға көрсетілген коммуналдық және қосымша қызметтер үшін бірыңғай төлем құжатын электрондық нысанда қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты БЕО-ға ай сайын ұсынады;

3) Интернет желісіндегі жеткізушінің сайтында не тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы не жеткізушінің үй-жайында барлық тұтынушылар үшін қолжетімді жерде орналасқан хабарландыру тақталарында мәліметтерді ұсыну жолымен тұтынушыға көрсетілетін қызметтерге тарифтер, төлем төлеу шарттары, көрсетілетін қызметтерді ұсыну режимі, оларды тұтыну сын-сипаттары, жеткізушінің диспетчерлік, авариялық-диспетчерлік қызметінің мекенжайлары мен телефон нөмірлері туралы хабарлайды;

4) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінде одан әрі орналастыру мақсатында электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинау, талдау және сақтау, сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы ай сайын ұсынылатын коммуналдық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі туралы ақпарат береді;

5) тұтынушымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылатын коммуналдық көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке және (немесе) жария шарттар жасасады;

6) тұтынушыға ұлттық, мемлекеттік стандарттарға, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, техникалық регламенттерге және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынады;

7) тұтынушы көрсетілетін қызметтің сапасын төмендету туралы өтініш берген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеуді орындау;

8) басқа тұтынушылардың талаптарды орындамау себептері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген себептер бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудан бас тартпайды және тұтынушыны коммуналдық көрсетілетін қызметтер алудан шектемейді;

9) тұтынушыдан жоғары параметрлермен берілген энергия мен су үшін қосымша төлем алмайды;

10) БЕО-ға берілетін деректердің шынайылығы мен дұрыстығы үшін, оның ішінде тарифтерге, көрсетілетін қызметтер көлемдеріне, шарттар талаптарына, есепке алу аспаптарының деректеріне, тұтыну нормативтеріне және басқа да параметрлерге сәйкестігін қоса алғанда, тұтынушылар алдында жауапты болады. Сондай-а, ол ақпаратты шарттармен және есеп құжаттарымен салыстырады, арифметикалық қателерді, дұрыс емес күндер мен тарифтерді қоса алғанда, қателерді анықтап, жояды.

6. ТӨЛЕМДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

6.1 Электр энергиясы бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлем мөлшерін есептеу. Электрмен жабдықтаудың коммуналдық көрсетілетін қызметтерін коммерциялық есепке алу Электр энергиясын пайдалану қағидаларына [5] сәйкес жүзеге асырылады.

6.1.1 Электр энергиясын есепке алудың үйге ортақ аспаптары болған кезде, КТҮ ортақ мүлкін күтіп-ұстау үшін тұтынылған электр энергиясы бойынша төлем мөлшері (үйге ортақ мұқтаждар) кондоминиум объектісін басқару органы көрсетілетін қызметтерді жеткізушімен жасасқан шарттар негізінде не пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен тікелей көрсетілетін қызметтерді жеткізушімен жасалған шарттар бойынша айқындалады.

6.1.2 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалған электр энергиясы бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлем, егер төлем пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің ай сайынғы жарналарының сомасына кіретін болса, басқару нысанының, кондоминиум объектісін басқару субъектісінің көрсетілетін қызметтерді жеткізушімен арасындағы шарт негізінде Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеуге арналған шығыстарды (үйге ортақ қажеттіліктер) есептеу әдістемесіне [9] сәйкес 1-формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{ЖПО}}^{\text{ЭЛ}} = (V_{\text{ОЕА}} - \sum V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ТМ}} - \sum V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ТМ}} - \sum V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ПЭТ}} - \sum V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ПЭТ}}) \times T \quad (1)$$

мұндағы,

V_{OEA} - үйге ортақ есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша айқындалған есепті кезеңде көппәтерлі тұрғын үй тұтынатын электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ бар}^{TM}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ жоқ}^{TM}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылмаған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ бар}^{ПЭТ}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылмаған і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ жоқ}^{ПЭТ}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылған і-пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

T – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген электр энергиясы үшін тариф, 1 кВт·сағ үшін теңге.

6.1.3 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалған электр энергиясы үшін төлем пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен тікелей көрсетілетін қызметтерді жеткізушімен шарттар болған жағдайда, Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеуге арналған шығыстарды (үйге ортақ қажеттіліктер) есептеу әдістемесіне [9] сәйкес 2-формула бойынша есептеледі:

$$P_{ЖПО_i}^{ЭЛ} = (V_{OEA} - \sum V_{ЖЕА\ бар}^{TM} - \sum V_{ЖЕА\ жоқ}^{TM} - \sum V_{ЖЕА\ бар}^{ПЭТ} - \sum V_{ЖЕА\ жоқ}^{ПЭТ}) \times \frac{S_i^{пэт(тм)}}{S_{жалп}} \times T \quad (2)$$

мұндағы,

V_{OEA} - үйге ортақ есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша айқындалған есепті кезеңде көппәтерлі тұрғын үй тұтынатын электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ бар}^{TM}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ жоқ}^{TM}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылмаған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ бар}^{ПЭТ}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылмаған і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{ЖЕА\ жоқ}^{ПЭТ}$ - жеке есепке алу аспабымен жарактандырылған і-пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

T – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген электр энергиясы үшін тариф, 1 кВт·сағ үшін теңге;

$S_i^{пэт(тм)}$ - көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың жалпы ауданы;

$S_{жалп}$ - көппәтерлі тұрғын үйдегі барлық пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы ауданы.

6.1.4 ЖЕА бар көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иелерінен төлемді есептеу үшін 4-формула пайдаланылады:

$$P_{пэт(тм)_i}^{ЖЕА} = V_{ЖЕА_i}^э \times T + P_{ЖПО_i}^{ЭЛ} \quad (4)$$

$V_{ЖЕА_i}^э$ - ЖЕА-мен жабдықталған көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иелерінен электрмен жабдықтау қызметтерін тұтынудың нақты көлемі, кВт·ч, 5-формула бойынша анықталады:

$$V_{ЖЕА_i}^э = V_{соң.кезең}^э - V_{баст.кезең}^э \quad (5)$$

$V_{соң.кезең}^э$ - есепті кезеңнің соңындағы электрмен жабдықтау ЖЕА көрсеткіштері, кВтсағ;

$V_{\text{баст.кезең}}^{\text{э}}$ - есепті кезеңнің басындағы электрмен жабдықтау ЖЕА көрсеткіштері, кВтсағ;

$P_{\text{ЖПО}_i}^{\text{эл}}$ - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалған электр энергиясы үшін көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иелерінен алынатын төлем;

T - ЖЕА бойынша электрмен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне белгіленген тариф, 1 кВтсағ үшін теңге.

6.1.5 Есеп айырысу үшін ЖЕА жоқ көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иелерінен электрмен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтерін есептеу үшін 6-формула пайдаланылады:

$$P_{\text{пәт (тм)}_i}^{\text{ЖЕА жоқ}} = V_{\text{норм}}^{\text{э}} \times T + P_{\text{ЖПО}_i}^{\text{эл}} \quad (6)$$

$V_{\text{норм}}^{\text{э}}$ - ЖЕА көрсеткіштері болмаған жағдайда, не ЖЕА істен шыққан (сынған, салыстырып тексерілген) немесе ЖЕА-дан көрсеткіштер болмаған жағдайда, 1 (бір) ай ішінде 1 пәтерге (бөлмелер санын ескере отырып) тұтыну нормасы бойынша электрмен жабдықтау көрсетілетін қызметтерін тұтыну көлемі (кВтсағ);

$P_{\text{ЖПО}_i}^{\text{эл}}$ - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалған электр энергиясы үшін көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иелерінен алынатын төлем;

T - тұтыну нормасы бойынша электрмен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне белгіленген тариф, 1 кВтсағ үшін теңге.

6.1.6 Үйге ортақ есепке алу аспаптары болмаған кезде, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға (үйге ортақ мұқтаждарға) тұтынылған электр энергиясы бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлем мөлшерін есептеу басқару нысаны, кондоминиум объектісін басқару субъектісі көрсетілетін қызметтерді жеткізушімен жасалған шарттардың және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалған электр энергиясы бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлем пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің КТҮ күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналарының сомасына кіретіні туралы пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің шешімінің негізінде айқындалады, Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеуге арналған шығыстарды (үйге ортақ қажеттіліктер) есептеу әдістемесіне [9] сәйкес келесі 7-формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{ЖПО}}^{\text{эл}} = \left((C \times S_{\text{ЖПО}}) - \sum V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ТМ}} - \sum V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ТМ}} - \sum V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ПЭТ}} - \sum V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ПЭТ}} \right) \times T \quad (7)$$

C - электр энергиясы үшін тұтыну нормасы (кВтсағ/м²) 2003 жылғы 1 қаңтардағы нормадан аспайтын қолданыстағы тұтыну нормалары негізге алына отырып айқындалады;

$S_{\text{ЖПО}}$ - көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ мүліктің құрамына кіретін үй-жайлардың жалпы ауданы;

$V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ТМ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ТМ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылмаған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ПЭТ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылмаған і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ПЭТ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылған і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

T - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген электр энергиясы үшін тариф, 1 кВт·сағ үшін теңге.

6.1.7 Тұтынушының кінәсінен емес есепке алуды уақытша бұзған кезде, егер шартта электр энергиясының аз мөлшері көзделмесе, электр энергиясы үшін есеп алдыңғы есепті кезеңнің орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Электр энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша есеп айырысу кезеңі бір айдан аспауға тиіс, осы уақыт ішінде есеп айырысу есебі толық көлемде қалпына келтірілуге тиіс.

6.1.8 Үйге ортақ есепке алу аспаптары болмаған кезде, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға (үйге ортақ мұқтаждарға) тұтынылған электр энергиясы бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлем мөлшерін есептеу пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері тікелей өнім берушімен жасасқан шарттар негізінде айқындалады, Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеуге арналған шығыстарды (үйге ортақ қажеттіліктер) есептеу әдістемесіне [9] сәйкес 8-формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{ЖПО}_i}^{\text{ЭЛ}} = \left((C \times S_{\text{ЖПО}}) - \sum V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ТМ}} - \sum V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ТМ}} - \sum V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ПӘТ}} - \sum V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ПӘТ}} \right) \times \frac{S_i^{\text{пәт (ТМ)}}}{S_{\text{жалп}}} \times T \quad (8)$$

C - электр энергиясы үшін тұтыну нормасы (кВтсағ/м²) 2003 жылғы 1 қаңтардағы нормадан аспайтын қолданыстағы тұтыну нормалары негізге алына отырып айқындалады;

$S_{\text{ЖПО}}$ - көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ мүлктің құрамына кіретін үй-жайлардың жалпы ауданы;

$V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ТМ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ТМ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылмаған і-ші тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ПӘТ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылмаған і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

$V_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{ПӘТ}}$ - жеке есепке алу аспабымен жарақтандырылған і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда есептік кезеңде тұтынылған электр энергиясының көлемі (саны), кВт·сағ;

T – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген электр энергиясы үшін тариф, 1 кВт·сағатқа теңге.

$S_i^{\text{пәт (ТМ)}}$ - көппәтерлі тұрғын үйдегі і-ші пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы ауданы;

$S_{\text{жалп}}$ - көппәтерлі тұрғын үйдегі барлық пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы ауданы.

6.2 Сумен жабдықтау және су бұру көрсетілетін қызметтері төлемінің мөлшерін есептеу

6.2.1 Сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың коммуналдық көрсетілетін қызметтерін коммерциялық есепке алу Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлемін есептеу әдістемесіне және Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес белгілі бір уақыт кезеңі ішінде есепке алу аспаптарымен не есептік тәсілмен судың және (немесе) сарқынды сулардың көлемін өлшеу арқылы жүзеге асырылады

6.2.2 Ашық ыстық сумен жабдықтау жүйесінде ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінен КТҮ-ге беріледі. Үйге ортақ есепке алу аспаптары пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында тікелей суық және ыстық сумен жабдықтау кірмелерінде орналастырылады.

6.2.3 Жабық ыстық сумен жабдықтау жүйесінде суық су орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесінен келеді, үйшілік суық сумен жабдықтау желілері бойынша

бөлінеді, сондай-ақ жергілікті су жылытқышқа беріледі, ол арқылы үйшілік ыстық сумен жабдықтау желісіне түседі.

Үйге ортақ есепке алу аспаптары суық сумен жабдықтау кірмесінде пайдалану жауапкершілігінің шекарасында орнатылады, ал сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі суық және ыстық сумен жабдықтау бұрмаларында орналастырылған есепке алу аспаптарының жиынтық көрсеткіштері бойынша айқындалады.

6.2.4 КЖҮ-дегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері үшін сумен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

6.2.5 Жеке есепке алу аспаптарын ішінара орнатқан және үйге ортақ есепке алу аспабы болмаған жағдайда, көлем белгіленген есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, ал есепке алу аспаптарымен жабдықталмаған пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар үшін тұтыну нормалары бойынша анықталады.

6.2.6 Егер КТҮ-де жеке және жалпы үйге ортақ есепке алу аспабы орнатылған болса, онда аспаптары бар су тұтынушылар үшін есептеу олардың көрсеткіштері бойынша, ал есепке алу аспаптарымен жабдықталмаған пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар үшін тұтыну нормалары бойынша жүзеге асырылады.

ОЕА көрсеткіштері мен ЖЕА көрсеткіштерінің жиынтығы, сондай-ақ тұтыну нормалары бойынша есептелген көлемдер арасындағы айырмашылық есепке алу аспаптары жоқ пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері арасында бөлінуге жатады.

6.2.7 ЖЕА 100% жарактандырылған кезде қызмет көрсету көлемі олардың көрсеткіштері бойынша анықталады.

Бір мезгілде ЖЕА және ОЕА болған жағдайда, есептеу жеке аспаптар бойынша да жүргізіледі.

ЖЕА көрсеткіштері мен ЖЕА жиынтық көрсеткіштері арасындағы айырмашылық КТҮ-де сумен жабдықтау және (немесе) су бұру көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері арасында олардың су тұтыну көлеміне (ЖЕА немесе тұтыну нормасы) пропорционалды түрде бөлінеді.

6.2.8 Айырмашылықты (ΔV) анықтау үшін 9-формула қолданылады:

$$\Delta V = V_{\text{ОПУ}} - \sum V_i \quad (9)$$

мұндағы:

ΔV - бөлінетін айырмашылық, м³;

$V_{\text{ОЕА}}$ - үйге ортақ есепке алу аспабы бойынша көлемі, м³;

$\sum V_i$ - барлық су тұтынушыларды жеке есепке алу аспаптары бойынша ұсынылған көрсетілетін қызметтер көлемінің жиынтығы, м³.

6.2.9 КТҮ-дегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері арасындағы айырмашылықты бөлу 10-формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\Delta V_i = \Delta V \times \frac{V_i}{\sum V_i} \quad (10)$$

мұндағы:

ΔV_i - i -ші үй-жайдың меншік иесінің төлеуіне жататын айырма үлесі, м³;

V_i - i -ші үй-жайдың жеке су тұтыну көлемі, м³;

$\sum V_i$ - КТҮ жиынтық су тұтыну көлемі, м³.

6.2.10 Егер ЖЕА және ОЕА көрсеткіштері әртүрлі күндерде алынған жағдайда, суды тұтынудың есептік көлемі ОЕА көрсеткіштерін алу күніне келтіріледі, ол үшін жеке аспаптың соңғы көрсеткіштерін алу күні мен жалпы аспаптың көрсеткіштерін алу күні арасындағы күндердегі айырма есептеледі.

Алынған орташа тәуліктік шығыс негізінде жеке аспаптың көрсеткіштері 11-формула бойынша жалпы есепке алу аспабын алу күніне дейінгі күндер санына барабар есептелген көлемді қосу немесе шегеру арқылы түзетіледі:

$$V_i' = \frac{V_i}{N_i} \times N \quad (11)$$

мұндағы:

V_i' - берілген көлем, м³;

V_i - i -ші үй-жайдың жеке су тұтыну көлемі, м³;

N_i - i -ші су тұтынушыдан алдыңғы және ағымдағы көрсеткіштерді алу арасындағы күндер саны;

N - үйге ортақ есепке алу аспабының көрсеткіштерін екі алу арасындағы күндер саны.

6.2.11 Ай сайын әртүрлі уақытта үйге ортақ және жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде, жалпы есепке алу аспабын алу күніне дейінгі күндер санына барабар есептелген кезеңдердегі айырмашылықты ескере отырып, есептеуді 12-формула бойынша есептеуді түзету жүргізу қажет:

$$Q_{\text{түзе}} = \frac{Q_{\text{тәул}}}{24} \times \Delta T \quad (12)$$

мұндағы:

$Q_{\text{түзе}}$ - бөлу кезінде есепке алынатын судың түзету көлемі (м³);

$Q_{\text{тәул}}$ - тиісті есепке алу аспабы бойынша өлшенген соңғы тәуліктегі су шығысы (м³-де);

ΔT - үйге ортақ және жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу сәттері арасындағы уақыт айырмашылығы, сағатпен.

6.2.12 ОЕА көрсеткіштері мен ЖЕА жиынтық көрсеткіштері арасында теріс айырмашылық болған кезде, жеткізуші Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес су тұтынушылар арасында су көлемінің бөлінуін қайта есептеуді жүзеге асырады.

Осы норма үйге ортақ және жеке суды есепке алу аспаптарының 100% болуы және есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді бір мезгілде алу кезінде қолданылады. Теріс айырмашылық расталған жеке тұтыну көлемі негізінде абоненттер арасында пропорционалды түрде қайта бөлуге жатады.

6.2.13 КТҮ басқару органы пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының шешімі бойынша жеткізушіге ОЕА көрсеткіштері мен ЖЕА жиынтық көрсеткіштері арасындағы айырмашылық үшін сумен жабдықтау қызметтерінің көлеміне есептерді дербес жүргізеді.

6.2.14 КТҮ басқару органы пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының шешімі негізінде жеткізушімен ұсынылған сумен жабдықтау және су бұру көрсетілетін қызметтері үшін есеп айырысуды ОЕА көрсеткіштері негізінде жүргізеді және жеткізушімен жасалған шарт негізінде кондоминиум қатысушыларынан төлем жинауды дербес жүзеге асырады.

6.2.15 ЖЕА-сыз тұтынушының суық (ыстық) сумен жабдықтау немесе су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтерін есептеу үшін 13-формула қолданылады:

$$Q_{\text{ЖЕА жоқ}}^{\text{сс}} = V_{\text{норм}}^{\text{сс}} \times N_{\text{тұрг}} \times T_{\text{норм}}^{\text{сс}} \quad (13)$$

$Q_{ЖЕА\text{ жоқ}}^{cc}$ – і-ші пәтерді, тұрғын емес үй-жайды тұтыну нормасы бойынша ЖЕА-сыз тұтынушы үшін суық (ыстық) сумен жабдықтау немесе су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне есептелген төлем, теңге;

$N_{тұрғ}$ – і-ші пәтерде, тұрғын емес үй-жайда тұратындардың саны;

$V_{норм}^{cc}$ – пәтердің 1 тұрғынына (тіркелген азаматтардың санын ескере отырып) тұтыну нормасы бойынша 1 (бір) айда ЖЕА көрсеткіштері болмаған жағдайда не ЖЕА істен шыққан (сынған, салыстырып тексеру) немесе ЖЕА көрсеткіштері болмаған жағдайда, суық (ыстық) сумен жабдықтау немесе су бұру қызметтерін тұтыну көлемі (m^3).

$T_{норм}^{cc}$ – суық (ыстық) сумен жабдықтау немесе су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне белгіленген тариф, $1 m^3$ үшін теңге.

6.2.16 Коммерциялық есепке алу ЖЕА бар тұтынушы үшін суық сумен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтерінің төлемін есептеу үшін 14-формула пайдаланылады:

$$P_{ЖЕА}^{cc} = V_{ЖЕА}^{cc} \times T_{ЖЕА}^{cc} \quad (14)$$

$P_{ЖЕА}^{cc}$ – белгілі бір кезең үшін тұтынушыға ЖЕА бойынша суық сумен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне есептелген төлем, теңге;

$V_{ЖЕА}^{cc}$ – белгілі бір кезеңдегі ЖЕА бойынша тұтынушының суық сумен жабдықтау көрсетілетін қызметтерін нақты тұтынған көлемі (m^3) 15-формула бойынша анықталады:

$$V_{ЖЕА}^{cc} = V_{соң.кезең}^{cc} - V_{баст.кезең}^{cc} \quad (15)$$

$V_{соң.кезең}^{cc}$ – есептік кезеңнің соңындағы ЖЕА бойынша суық (ыстық) сумен жабдықтау көрсеткіштері (m^3);

$V_{баст.кезең}^{cc}$ – есептік кезеңнің басындағы ЖЕА бойынша суық (ыстық) сумен жабдықтау көрсеткіштері (m^3);

$T_{ЖЕА}^{cc}$ – ЖЕА бойынша суық (ыстық), сумен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне белгіленген тариф, теңге за $1 m^3$.

6.2.17 Тұтынушы үшін су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтерінің төлемін есептеу үшін 16-формула бойынша сумен жабдықтауды коммерциялық есептеу ЖЕА көрсеткіштері пайдаланылады:

$$P_{ЖЕА}^{кан} = V_{ЖЕА}^{cc} \times T_{ЖЕА}^{кан} \quad (16)$$

$P_{ЖЕА}^{кан}$ – белгілі бір кезеңдегі сумен жабдықтауды коммерциялық есепке алу ЖЕА көрсеткіштері бойынша тұтынушының су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне есептелген төлем, теңге;

$V_{ЖЕА}^{cc}$ – белгілі бір кезеңдегі ЖЕА бойынша тұтынушының суық сумен жабдықтау көрсетілетін қызметтерін нақты тұтынған көлемі (m^3) 15-формула бойынша анықталады.

$T_{ЖЕА}^{кан}$ – ЖЕА көрсеткіштері бойынша су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтеріне белгіленген тариф, теңге за $1 m^3$.

6.3 Жылумен жабдықтау көрсетілетін қызметтері төлемінің мөлшерін есептеу

6.3.1 Жылумен жабдықтау көрсетілетін қызметтерін коммерциялық есепке алу Жылу энергиясы мен жылу жеткізгішті есепке алу қағидаларына [2] және Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. ҮЖЭЕА бар тұтынушы үшін жылумен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтерін есептеу үшін КТҮ жылытуға жұмсалған жылу энергиясының көлемі 17-формула бойынша анықталады:

$$Q_{ЖЭОЕА}^{жылы} = Q_{ЖЭОЕА}^{жалп} - Q_{ЖЭОЕА}^{ысж} \quad (17)$$

$Q_{ЖЭОЕА}^{жылы}$ – үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін жылу қажеттіліктеріне арналған жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$Q_{ЖЭОЕА}^{жалп}$ - жылыту және ыстық сумен жабдықтау қажеттіліктеріне жұмсалатын жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша берілген жылу энергиясының жалпы көлемі, Гкал;

$Q_{ЖЭОЕА}^{ысж}$ – ыстық сумен жабдықтау мұқтаждықтары (ашық жылумен жабдықтау жүйелері үшін) жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша, ал жабық жылумен жабдықтау жүйесі үшін – ыстық суды немесе оның нормативтік тұтынуларын жеке есепке алу аспаптарының жиынтық көрсеткіштерін ескере отырып, есептік жолмен берілген жылу энергиясының көлемі, Гкал.

КТҮ бірыңғай жылумен жабдықтау жүйесіне қосу кезінде КТҮ-де тұрғын емес үй-жайлар (коммерциялық жылжымайтын мүлік) болған жағдайда, тұтынушылардың осы санаты жылу энергиясын жеке есепке алу аспабының (бұдан әрі – ЖЭЖЕА) болуына немесе болмауына байланысты есептеулерді есептеуге қатысады.

6.3.2 ЖЭЖЕА бар тұтынушылар үшін жылыту мұқтаждықтарына жұмсалатын тұтыну көлемі (Гкал) 18-формула бойынша анықталады:

$$Q_{ЖЭЖЕА}^{жылу} = Q_{соң.кезең}^{жылу} - Q_{баст.кезең}^{жылу} \quad (18)$$

$Q_{соң.кезең}^{жылу}$ - і-пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың есепті кезеңінің соңында тұтынушының ЖЭЖЕА көрсеткіштері;

$Q_{баст.кезең}^{жылу}$ - і-ші пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың есепті кезеңінің басындағы тұтынушының ЖЭЖЕА көрсеткіштері.

6.3.3 ЖЭЖЕА жоқ тұтынушылар үшін жылыту қажеттіліктеріне жұмсалатын тұтыну көлемі, (Гкал), 19-формула бойынша анықталады:

$$Q_{ЖЭЖЕА\ жоқ}^{жылу} = Q_{ЖЭОЕА}^{жылу} \times \frac{S_{ауд.і}}{S_{жалп.ауд.}} \quad (19)$$

$Q_{ЖЭЖЕА\ жоқ}^{жылу}$ - не ЖЭЖЕА істен шыққан (сынған, салыстырып тексерілген), не ЖЭЖЕА-дан көрсеткіштер жоқ ЖЭЖЕА-мен жабдыкталмаған пәтерді, тұрғын емес үй-жайды жылытуға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі;

$Q_{ЖЭОЕА}^{жылу}$ - есепті кезеңде ЖЭОЕА көрсеткіштері бойынша тұтынушыларға жылытуға берілген жылу энергиясының көлемі;

$S_{ауд.і}$ – і пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың жылытылатын ауданы;

$S_{жалп.ауд.}$ - жылытылатын пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы ауданы.

6.3.4 Жалпы пайдаланылатын орындардағы (ЖПО) жылу энергиясын тұтыну көлемі (Гкал) 20-формула бойынша анықталады:

$$Q_{ЖПО}^{жылу} = Q_{ЖЭОЕА}^{жылу} - \sum Q_{ЖЭЖЕА}^{жылу} - \sum Q_{ЖЭЖЕА\ жоқ}^{жылу} \quad (20)$$

$Q_{ЖПО}^{жылу}$ - жалпы пайдалану орындарын жылытуға арналған жылу энергиясының көлемі;

$Q_{ЖЭОЕА}^{жылу}$ - есепті кезеңде ЖЭОЕА көрсеткіштері бойынша тұтынушыларға жылытуға берілген жылу энергиясының көлемі;

$\sum Q_{ЖЭЖЕА}^{жылу}$ - ЖЭЖЕА бар пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың жылу энергиясын тұтынушының жиынтық көлемі;

$\sum Q_{ЖЭЖЕА\ жоқ}^{жылу}$ - ЖЭЖЕА жарақтандырылмаған, не ЖЭЖЕА істен шыққан (сынған, салыстырып тексерілген) немесе ЖЭЖЕА көрсеткіштері жоқ пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды жылытуға жұмсалатын жылу энергиясының жиынтық көлемі.

6.3.5 Әрбір пәтер, тұрғын емес үй-жай үшін ЖПО жылыту үшін қосымша төлемдер үлесін есептеу 21-формула бойынша айқындалады:

$$ҚЖПО = Q_{ЖПО}^{жылу} \times \frac{S_{ауд.і}}{S_{жалп.ауд.}} \quad (21)$$

ҚЖПО - ЖПО жылыту үшін түгел есептеу үлесі;

$Q_{\text{ЖПО}}^{\text{жылу}}$ - жалпы пайдалану орындарын жылытуға арналған жылу энергиясының көлемі;

$S_{\text{ауд.і}}$ – і пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың жылытылатын алаңы;

$S_{\text{жал.ауд.}}$ - жылытылатын пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың жалпы ауданы.

6.3.6 ЖЭЖЕА бар тұтынушыларға төлемдерді есептеу 22-формула бойынша айқындалады:

$$P_{\text{ЖЭЖЕА}}^{\text{жылу}} = (Q_{\text{ЖЭЖЕА}}^{\text{жылу}} + \text{ҚЖПО}) \times T \quad (22)$$

$Q_{\text{ЖЭЖЕА}}^{\text{жылу}}$ - есептік кезеңде ЖЭЖЕА көрсеткіштері бойынша тұтынушыға берілген жылу энергиясының көлемі;

T – ЖЭОЕА бар тұтынушылар тобы үшін жылу энергиясының 1 Гкал үшін тариф, теңге

6.3.7 ЖЭЖЕА жоқ тұтынушыларға төлемдерді есептеу 23-формула бойынша айқындалады:

$$P_{\text{ЖЭЖЕА жоқ}}^{\text{жылу}} = (Q_{\text{ЖЭЖЕА жоқ}}^{\text{жылу}} + \text{ҚЖПО}) \times T \quad (23)$$

$Q_{\text{ЖЭЖЕА жоқ}}^{\text{жылу}}$ - ЖЭЖЕА жарақтандырылмаған, не ЖЭЖЕА істен шыққан (сынған, салыстырып тексерілген), не ЖЭЖЕА көрсеткіштері жоқ тұтынушыны, пәтер иесін, тұрғын емес үй-жайды жылытуға арналған жылу энергиясының көлемі.

6.3.8 Есепке алу аспаптары бойынша жылу энергиясын есепке алуды уақытша бұзған жағдайда, есепке алуды уақытша бұзу кезеңінде төлемді есептеу үшін жылытуға жұмсалатын жылу энергиясын тұтыну көлемі есепке алу аспаптары жоқ, бірақ есепке алу қалпына келтірілуге тиіс бір айдан аспайтын мерзім ішінде тұтынушыларға арналған жылумен жабдықтау жөніндегі тұтыну нормасына сәйкес айқындалады.

6.3.9 Ыстық сумен жабдықтауға ($Q_{\text{ЕА}}^{\text{ысж}}$) жұмсалатын жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша берілген жылу энергиясының көлемі мынадай шарттардың сақталуын ескере отырып бөлінеді:

- ыстық суды жеке есепке алу аспабын салыстырып тексеруге алу кезінде немесе ол істен шыққан кезде есептеулерде алдыңғы айдың, бірақ бір айдан аспайтын мерзімдегі көрсеткіштері қолданылады;

- авариялық жағдайлар кезінде жылу энергиясының ($Q_{\text{шығындар}}^{\text{ыс}}$) және жылу жеткізгіштің ($G_{\text{шығындар}}^{\text{ыс}}$) шығындарының көлемі ыстық сумен жабдықтауға арналған есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған көлемдерден шегеріледі ($Q_{\text{ЕА бар}}^{\text{ысж}}$ $G_{\text{ЕА бар}}^{\text{ыс}}$ бар).

Шығындар жеке актімен ресімделеді, өндіріске және көлемді тұтынушылар арасында бөлуге қатыспайды. Шығындарды есептеу және төлеу тәртібі Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарына сәйкес тұтынушы мен кондоминиум объектісін басқару органы арасындағы шартта айқындалады.

6.3.10 Ыстық суды ЖЕА болған кезде тұтынушылардың бірінші тобына тұтынушыларға ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі ($Q_{\text{с. ЖЕА бар}}^{\text{ыс}}$) мынадай 24-формула бойынша айқындалады:

$$Q_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ысж}} = \frac{(Q_{\text{ОЕА бар}}^{\text{ысж}} - Q_{\text{шығыны}}^{\text{ыс}})}{(G_{\text{ОЕА бар}}^{\text{ыс}} - G_{\text{шығыны}}^{\text{ыс}})} \times G_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ысж}} \quad (24)$$

$Q_{\text{ОЕА бар}}^{\text{ысж}}$ - ыстық сумен жабдықтау қажеттіліктеріне жұмсалатын жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша берілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$Q_{\text{шығын}}^{\text{ыс}}$ – авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтау жүйесінен жылу энергиясының шығыны, Гкал;

$G_{\text{ОЕА бар}}^{\text{ЫС}}$ - жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын суды тұтыну көлемі, м³;

$G_{\text{шығын}}^{\text{ЫС}}$ - авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтау жүйесінен жылу жеткізгіштің шығыны, м³;

$G_{\text{ЖЕА бар}}^{\text{ЫСЖ}}$ - бірінші топтағы тұтынушының пәтерінде орнатылған ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын су тұтыну көлемі, м³.

6.3.11 Ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде, тұрмыстық тұтынушыларға берілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі $Q_{\text{ЕА жоқ}}^{\text{ЫСЖ}}$, оның ішінде бір адамға шаққандағы есебінен ($Q_{\text{адам}}^{\text{ЫС}}$) 25 және 26-формула бойынша ашық және жабық жылумен жабдықтау жүйелері үшін айқындалады:

$$Q_{\text{ЕА жоқ}}^{\text{ЫСЖ}} = Q_{\text{адам}}^{\text{ЫС}} \times N_{\text{пәт}}, \text{ Гкал} \quad (25)$$

$$Q_{\text{адам}}^{\text{ЫС}} = C \times G_{\text{норм}} \times \rho \times (55 - t_{\text{орт}}^{\text{СС}}) \times (1 + K_{\text{п}}) \cdot 10^{-6} \text{ Гкал/адам} \quad (26)$$

$N_{\text{пәт}}$ - кондоминиум объектісін басқару органы қабылдаған ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде пәтерде тұратын жеке тұлғалардың саны, адам;

C - судың меншікті жылу сыйымдылығы, 1 килограмм Цельсий градусына килокалория (бұдан әрі – ккал/кг °С) (есептеулерде 1 ккал/кг °С тең ретінде қабылданады);

ρ - судың тығыздығы, текше метрге килограмм (бұдан әрі – кг/м³) (есептеулерде 1000 кг/м³ тең ретінде қабылданады);

55 – шығысы нормаланатын, су ағызу орындарындағы ыстық судың температурасы, °С;

$t_{\text{орт}}^{\text{СС}}$ - суық су құбыры суының бір жылдағы орташа температурасы сумен жабдықтаушы ұйымның өткен жылғы есепті деректері бойынша қабылданады (деректер болмаған кезде жылыту кезеңі үшін 5 °С және жылытылмайтын кезең үшін 15 °С тең есебі үшін қабылданады);

$K_{\text{ш}}$ - ыстық сумен жабдықтау құбырларының жылу шығынын ескеретін коэффициент (0,2 мөлшерінде қабылдау ұсынылады);

$G_{\text{норм}}$ - бір адамға айына м³ ыстық сумен жабдықтауға арналған су шығынының 27-формула бойынша айқындалатын нормасы, (есептеу үшін нормалар болмаған кезде төменде 17-формулада келтірілген нормалар қабылданады, тәулігіне литр):

$$G_{\text{норм}} = (q \cdot n_1 + q \cdot (365 - n_1) \cdot b) / 12 \cdot 10^{-3} \quad (27)$$

q – тұтынушылардың 55 °С температура кезінде орташа тәулікте ыстық су шығысының нормасы, тәулігіне 1 литр;

n_1 – жылыту кезеңінің нормативтік ұзақтығы, тәулік;

b – тұрғын үй секторы үшін деректер болмаған кезде 0,8-ге тең (кәсіпорындар үшін - 1, шипажайлар үшін - 1,2-1,5) тең қабылданатын жылу беру кезеңіне қатысты ыстық сумен жабдықтауға орташа су шығысының өзгеруін ескеретін коэффициент.

6.3.12 Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі мен жылу энергиясының көлемі арасында айырмашылық болған жағдайда, оның көлемі 28-формула бойынша анықталатын айырма коэффициентін (Кайыр.) қолдана отырып, ыстық суды жеке есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар арасында бөлінеді:

$$K_{\text{айыр}} = \frac{(Q_{\text{ЕА бар}}^{\text{ЫСЖ}} - Q_{\text{шығын}}^{\text{ЫС}})}{(\sum Q_{\text{ЕА бар}}^{\text{ЫС}} + \sum Q_{\text{ЕА жоқ}}^{\text{ЫС}})} \quad (28)$$

$Q_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫСЖ}}$ - ыстық сумен жабдықтау қажеттіліктеріне жұмсалатын жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша берілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$Q_{\text{шығын}}^{\text{ЫС}}$ – авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтау жүйесінен жылу энергиясының шығыны, Гкал;

$Q_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}}$ - ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде, тұрмыстық тұтынушыларға берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының жиынтық көлемі, Гкал;

$Q_{EA \text{ жоқ}}^{\text{ЫС}}$ - ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде, тұрмыстық тұтынушыларға берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының жиынтық көлемі, Гкал.

6.3.13 Бір адамға шаққанда ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде тұрмыстық тұтынушыларға берілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі $K_{\text{айыр}}$ есепке ала отырып, 29 және 30-формулар бойынша қайта есептеледі:

$$Q_{\text{адам}}^{\text{ЫС}} = C \times G_{\text{норм}} \times \rho \times (55 - t_{\text{ср}}^{\text{XB}}) \times (1 + K_{\text{п}}) \cdot K_{\text{айыр}} \cdot 10^{-6} \text{ Гкал/адам} \quad (29)$$

$$Q_{EA \text{ жоқ}}^{\text{ЫСЖ}} = Q_{\text{адам}}^{\text{ЫС}} \times N_{\text{пәт}}, \text{ Гкал} \quad (30)$$

6.3.14 Есепке алу аспаптары бойынша жылу энергиясын есепке алуды уақытша бұзған жағдайда, есепке алудың уақытша бұзылу кезеңі үшін төлемді есептеу үшін ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясын және жылу жеткізгішті тұтыну көлемі ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша немесе айына, бірақ есеп қайта қалпына келуге тиісті бір айдан артық емес мерзімде бір адамға шаққанда айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған су шығысының нормасы бойынша айқындалады.

6.3.15 Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың бірінші тобы үшін жылытуға ($Q_{EA \text{ жоқ}}^{\text{Жылу}}$) берілген жылу энергиясын тұтынудың айлық көлемі келесі 31-формула бойынша айқындалады:

$$Q_{EA \text{ жоқ}}^{\text{Жылу}} = Q_{\text{норма}}^{\text{Жылу}} \times S_{\text{ауд}}, \text{ Гкал} \quad (31)$$

$Q_{\text{норма}}^{\text{Жылу}}$ - Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңға және Заңына сәйкес бекітілген жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша тұтыну нормасы, Гкал/м²;

$S_{\text{ауд}}$ - құқық белгілейтін құжаттардың негізінде қабылданған тұтынушы пәтерінің жылытылатын ауданы, м².

6.3.16 Ыстық суды жеке есепке алу аспаптары ($Q_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}}$) болған кезде тұтынушыларға берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі бір м³ ыстық су есебінен келесі 32-формула бойынша айқындалады:

$$Q_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}} = C \cdot \rho \cdot (t_{\text{орт}}^{\text{ЫС}} - t_{\text{орт}}^{\text{С}}) \cdot 10^{-6}, \text{ Гкал/м}^3 \quad (32)$$

C – судың меншікті жылу сыйымдылығы, ккал/кг °С (есептеулерде 1 ккал/кг °С тең ретінде қабылданады);

ρ – судың тығыздығы, кг/м³ (есептеулерде 1000 кг/м³ тең ретінде қабылданады);

$t_{\text{орт}}^{\text{ЫС}}$ – тұтынушыны есепке алу торабындағы жылу желілерінің беру құбырындағы судың бір жылдағы орташа температурасы (жылыту мезгілінің айлары бойынша сыртқы ауаның есептік орташа температурасы үшін жылу желілері жұмысының температуралық кестесі бойынша есептеледі, бірақ жабық жылумен жабдықтау жүйелері үшін 70 °С-тан

және ашық түрлері үшін 60 °С-тан кем емес, жылытылмайтын мезгіл үшін 65 °С-қа тең есептеу үшін қабылданады);

$t_{орт}^{cc}$ – суық су құбыры суының бір жылдағы орташа температурасы сумен жабдықтаушы ұйымның өткен жылғы есепті деректері бойынша қабылданады (деректер болмаған кезде жылыту кезеңі үшін 5 °С және жылытылмайтын кезең үшін 15 °С тең есебі ретінде қабылданады).

6.3.17 Ыстық суды жеке есепке алу аспаптары ($Q_{EA\text{ жоқ}}^{жылу}$) болмаған кезде, тұтынушылардың бірінші тобына берілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі, оның ішінде бір адамға шаққандағы есебінен ($Q_{адам}^{ыс}$) 26 және 27-формулар бойынша ашық және жабық жылумен жабдықтау жүйелері үшін айқындалады:

6.3.18 Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет үшін төлем:

жылытуға - тұтынушылар үшін айына бір м² жылытылатын ауданға ($P_{жылу, EA\text{ жоқ}}$);

ыстық сумен жабдықтауға – тұтынушылар үшін бір м³ ыстық су есебінен жеке есепке алу аспаптары болған кезде ($P_{ы.с. EA\text{ жоқ}}$);

ыстық сумен жабдықтауға – айына бір адамға шаққандағы ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың бірінші тобы үшін ($P_{ы.с. адамға}$).

6.3.19 Тұтынушылар үшін жылытуға жұмсалатын жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет үшін төлем ($P_{EA\text{ жоқ}}^{жылу}$) жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде 33-формула бойынша айқындалады:

$$P_{EA\text{ жоқ}}^{жылу} = Q_{норма}^{жылу} \times T_{EA\text{ жоқ}}, \text{ теңге} \quad (33)$$

$Q_{норма}^{жылу}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша тұтыну нормасы, Гкал/м²;

$T_{EA\text{ жоқ}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін бекітілген тариф, теңге/Гкал.

6.3.20 тұтынушыларға ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет үшін төлем (бұдан әрі – ыстық сумен жабдықтау үшін төлем) жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде былай айқындалады:

1) бір м³ ыстық су есебінен ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде жабық жылумен жабдықтау жүйесі кезінде 34-формула айқындалады ($P_{EA\text{ бар}}^{ыс}$):

$$P_{EA\text{ бар}}^{ыс} = Q_{EA\text{ бар}}^{ыс} \times G_{EA\text{ бар}}^{ыс} \times T_{EA\text{ жоқ}}, \text{ теңге} \quad (34)$$

$Q_{EA\text{ бар}}^{ыс}$ – бір м³ ыстық су есебінен анықталған жылу энергиясының көлемі, Гкал/м³;

$G_{EA\text{ бар}}^{ыс}$ – бірінші топтағы тұтынушының пәтерінде орнатылған ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын су тұтыну көлемі, м³;

$T_{EA\text{ жоқ}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде ($P_{адамға}^{ыс}$):

$$P_{адамға}^{ыс} = Q_{адамға}^{ыс} \times T_{EA\text{ жоқ}}, \text{ теңге} \quad (35)$$

$Q_{адамға}^{ыс}$ – бір адамға есептегенде анықталған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

$T_{EA\text{ жоқ}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал.

2) ашық жылумен жабдықтау жүйесі кезінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем 37-формула бойынша айқындалады:

ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде ($P_{EA \text{ бар}}^{ЫС}$):

$$P_{EA \text{ бар}}^{ЫС} = Q_{EA \text{ бар}}^{ЫС} \times G_{EA \text{ бар}}^{ЫС} \times T_{EA \text{ жоқ}} + G_{EA \text{ бар}}^{ЫС} \times T_{ССЖ}, \text{ теңге/м}^3 \quad (36)$$

$Q_{EA \text{ бар}}^{ЫС}$ – бір м³ ыстық су есебінен анықталған жылу энергиясының көлемі, Гкал/м³;

$G_{EA \text{ бар}}^{ЫС}$ – бірінші топтағы тұтынушының пәтерінде орнатылған ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын су тұтыну көлемі, м³;

$T_{EA \text{ жоқ}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

$T_{ССЖ}$ – бастапқы судың оны тазарту және химиялық дайындау жөніндегі шығыстар ескерілген құны немесе магистральдық құбырлар арқылы су беру қызметі бойынша тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/м³;

ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде ($P_{адамға}^{ЫС}$):

$$P_{адамға}^{ЫС} = Q_{адамға}^{ЫС} \times T_{EA \text{ жоқ}} + G_{норма} \times T_{ССЖ}, \text{ теңге/адам} \quad (37)$$

$Q_{адамға}^{ЫС}$ – айына бір адамға есептегенде анықталған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

$T_{EA \text{ жоқ}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

$G_{норма}$ – айына бір адамға есептегенде айқындалған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын су шығысының нормасы, м³/адам.;

$T_{ССЖ}$ – бастапқы судың оны тазарту және химиялық дайындау жөніндегі шығыстар ескерілген құны немесе магистральдық құбырлар арқылы су беру қызметі бойынша тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/м³.

6.3.21 Төлем мөлшері ай сайын жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша анықталады. Жылытуға төлемнің мөлшері ($T_{жылу. EA \text{ бар}}$) жылытылатын алаңның бір м² есебімен келесі 38-формула бойынша айқындалады:

$$P_{EA \text{ бар}}^{жылу} = Q_{көл}^{жылу} \times T_{EA \text{ бар}}, \text{ теңге} \quad (38)$$

$Q_{көл}^{жылу}$ – жеке тұтынушыға берілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$T_{EA \text{ бар}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылар үшін бекітілген тариф, теңге/Гкал.

6.3.22 Жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін, оның ішінде ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет үшін төлем жылу энергиясын есепке алу аспаптары мен ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша ай сайын айқындалады.

Жабық жылумен жабдықтау жүйесі кезінде EA бар ыстық сумен жабдықтау үшін төлем келесі 39 және 40-формула бойынша анықталады:

1) бір м³ есептегенде ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде

($P_{EA \text{ бар}}^{ЫС}$):

$$P_{EA \text{ бар}}^{ЫС} = Q_{EA \text{ бар}}^{ЫС} \times T_{EA \text{ бар}}, \text{ теңге} \quad (39)$$

$Q_{EA \text{ бар}}^{ЫС}$ – ыстық суды жеке есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша тұтынушыға берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$T_{EA \text{ бар}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылар үшін бекітілген тариф, теңге/Гкал;

2) бір адамға есептегенде ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде ($R_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}}$):

$$R_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}} = Q_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}} \times T_{EA \text{ бар}}, \text{ теңге/адам} \quad (40)$$

$Q_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}}$ – айына бір адамға есептегенде ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

$T_{EA \text{ бар}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылар үшін бекітілген тариф, теңге/Гкал.

6.3.23 Ашық жылумен жабдықтау жүйесі кезінде EA бар ыстық сумен жабдықтау үшін төлем келесі 41 және 42-формулалар бойынша анықталады:

1) бір м³ есебінен ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде ($R_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}}$):

$$R_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}} = Q_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}} \times T_{EA \text{ бар}} + G_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}} \times T_{\text{ССЖ}}, \text{ теңге} \quad (41)$$

$Q_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}}$ – ыстық суды жеке есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша тұтынушыға берілген ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$T_{EA \text{ бар}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін бекітілген тариф, теңге/Гкал.

$G_{\text{ы.с. EA бар}}^{\text{ЫС}}$ – бірінші топтағы тұтынушының пәтерінде орнатылған ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын су тұтыну көлемі, м³;

$G_{EA \text{ бар}}^{\text{ЫС}}$ – бастапқы судың оны тазарту және химиялық дайындау жөніндегі шығыстар ескерілген құны немесе магистральдық құбырлар арқылы су беру қызметі бойынша тұтынушылардың тиісті тобы үшін бекітілген тариф, теңге/м³;

2) бір адамға есептегенде ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде ($R_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}}$):

$$R_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}} = Q_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}} \times T_{\text{с пу}} + G_{\text{норма}} \times T_{\text{ССЖ}}, \text{ теңге} \quad (42)$$

$Q_{\text{адамға}}^{\text{ЫС}}$ – айына бір адамға есептегенде ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

$T_{EA \text{ бар}}$ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін бекітілген тариф, теңге/Гкал.

$G_{\text{норма}}$ – айына бір адамға есептегенде айқындалған ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын су шығысының нормасы, м³/адам.;

$T_{\text{ССЖ}}$ – бастапқы судың оны тазарту және химиялық дайындау жөніндегі шығыстар ескерілген құны немесе магистральдық құбырлар арқылы су беру қызметі бойынша тұтынушылардың тиісті тобы үшін бекітілген тариф, теңге/м³;

6.3.24 Есепке алу аспаптары бойынша жылу энергиясын есепке алуды уақытша бұзған жағдайда, жылумен жабдықтаушы ұйым жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға арналған төлемнің мөлшерін айқындаған жағдайда, жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде, бірақ есепке алу қалпына келтірілуі керек болған бір айдан артық емес мерзім ішінде тұтынушылардың тиісті тобы үшін бекітілген тариф қолданылады.

6.4 Газбен жабдықтау көрсетілетін қызметтері төлемінің мөлшерін есептеу

6.4.1 Көпшәтерлі тұрғын үйлерде тұтынылған тауарлық газдың көлемін есепке алу «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, сондай-ақ есепке алу аспаптарын орнату, пайдалану және тексеру тәртібін реттейтін

техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6.4.2 Газбен жабдықтау коммуналдық көрсетілетін қызметтерін тұтынуды коммерциялық есепке алу Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларына [6] сәйкес жүзеге асырылады. Газды коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушыларға өткізу көлемді айқындау шарттарына [8] сәйкес газ көлемі бойынша коллекторлы және температура мен қысым бойынша коллекторсыз аспаптарды пайдалана отырып есепке алу аспаптары бойынша жүргізіледі.

6.4.3 Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларына сәйкес есепке алу үшін тауарлық газ көлемінің өлшем бірлігі ретінде 20 градус Цельсий температурасы және 760 миллиметр сынап бағанының қысымы кезінде 1 (бір) текше метр газ қабылданады.

Егер сыртқы ортаның параметрлері көрсетілген параметрлерден өзгеше болған жағдайда, жеткізуші коллекторларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін есепке алу аспабының паспортына сәйкес немесе Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесіне [7] сәйкес газдың жұмыс параметрлерін стандартты шарттарға келтіру жолымен қайта есептеуді жүзеге асырады. Тұтынушылармен жұмыста есеп айырысу кезеңіндегі стандартты шарттарға жеткізілген газ көлемін қайта есептеу үшін орташа айлық түзету коэффициенттері қолданылады.

6.4.4 Есеп айырысу кезеңі жеткізілген газдың көлемі анықталатын кезең деп аталады, жеткізуші мен тұтынушы арасында жеткізілген газ үшін өзара есеп айырысу жүргізіледі. Есепті кезең айдың 1-нен соңғы күніне дейін есептелетін бір күнтізбелік айға тең.

6.4.5 Көлемді анықтау үшін жеткізілген газ көлемін стандартты шарттарға қайта есептеуге арналған түзету коэффициенттері [8] есепті айда 44-формула бойынша барометрлік қысымның өңірлік мәнін және сыртқы ауаның орташа айлық температурасын ескере отырып есептеледі:

$$K = 0,0029 \cdot \frac{(P_6 + P_T)}{(273,15 + t_T)} \quad (44)$$

мұндағы:

K - жеткізілген газ көлемін стандартты шарттарға қайта есептеуге арналған түзету коэффициенті;

0,0029 – 293,15°К-қа тең стандартты температураны және 101325 Па-ға тең стандартты қысымды бөлу кезінде алынған стандартты шарттарға келтіру коэффициенті;

P_T - тұрмыстық тұтынушыларға берілетін газдың артық қысымы (2000 Па);

P_6 - метеорологиялық қызметтің тиісті аумақтық бөлімшесінің деректері бойынша айқындалатын газбен жабдықтау ауданындағы барометрлік қысым, Па;

273,15 – Цельсий шкаласы бойынша градуспен берілген температура мәнін Кельвинмен берілген термодинамикалық температураға аудару коэффициенті;

t_T - құрылғыдағы газдың орташа температурасы, ол Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесі [7] бойынша есептеледі.

6.4.6 Ай сайынғы коэффициенттерді есептеу кезінде есептік кезеңдегі тиісті өңірдің температурасы мен барометрлік қысымы бойынша нақты орташаланған деректер қолданылады. Нақты деректерді тиісті метеорологиялық қызметтер ұсынады.

6.4.7 Газдың өтелетін көлемі, м³, 45-формула бойынша анықталады:

$$\Delta V = (K - 1) \times V_{EA} \quad (45)$$

мұндағы:

V_{EA} - есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша бір айдағы газ тұтыну көлемі.

Сондай-ақ 46-формула бойынша тұтынушылармен өзара есеп айырысу кезінде қолданылатын стандартты жағдайларда газдың түзетілген көлемін анықтауға болады:

$$V_{CT} = K \times V_{EA} \quad (46)$$

мұндағы:

V_{CT} - стандартты жағдайдағы газ көлемі.

6.4.8 Коммерциялық есепке алу газ тарату ұйымы мен кондоминиум объектісін басқару органы (мүліктің меншік иелерінің бірлестігі, жай серіктестік немесе басқарушы ұйым) арасындағы пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасында орнатылған ОЕА-ның және/немесе КТҮ пәтерлерінде, тұрғын емес үй-жайларында орнатылған ЖЕА-ның көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

ЖЕА әрбір тұтынушының газ тұтынушының нақты көлемін тіркеуді қамтамасыз етеді. Есепке алу аспаптары Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес келуге, қолданыстағы салыстырып тексеруге ие болуға және өлшем құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілуге тиіс.

6.4.9 ЖЕА және ОЕА болмаған кезде, олар ақаулы болған не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмеген кезде тауарлық газды тұтыну көлемі «Қазақстан Республикадағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен белгіленген тұтыну нормалары бойынша есептік тәсілмен айқындалады.

Төлемді есептеу 1 м³ газға бекітілген тарифке сүйеніп жүзеге асырылады. ОЕА көрсеткіштері мен ЖЕА жиынтық көрсеткіштері арасындағы айырмашылық нақты немесе есептелген тұтыну көлеміне пропорционалды түрде бөлінеді.

Тұтынушы дәлелді себептерсіз қатарынан екі есеп айырысу кезеңі ішінде ЖЕА көрсеткіштерін ұсынбаған жағдайда, есептеу тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі, кейіннен нақты деректерді алынғаннан кейін қайта есептеледі.

6.4.10 Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін жеткізушінің өкілдері ағымдағы айдың жиырмасынан кейін тұтынушымен бірлесіп алады. ЖЕА көрсеткіштерін қатарынан екі есептік кезең ішінде алу мүмкін болмаған жағдайда, жеткізуші қолданыстағы тұтыну нормаларын негізге ала отырып, осы кезең ішінде тұтынылған газдың көлемін айқындауға құқылы.

Есепке алу аспабының ақаулығы анықталған кезде, тұтынылған газды есептеу соңғы тексеру күнінен бастап ақау анықталған сәтке дейінгі кезең үшін, бірақ екі айдан артық емес мерзім үшін тұрмыстық тұтынушы бұрын төлеген төлемдерді ескере отырып, белгіленген тұтыну нормалары бойынша жүзеге асырылады.

6.4.11 Тұрмыстық тұтынушыны есепке алу аспабын салыстырып тексеру мерзімі кешіктірілген жағдайда, тұтынылған газ үшін төлемді есептеу тексеру мерзімі өткен күннен бастап қолданыстағы тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі. Аспаптың нақты көрсеткіштері бойынша қайта есептеу оң тексеру нәтижелері болған кезде, бірақ бір айдан артық емес мерзімде мүмкін болады.

6.5 Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкінің тұтынылған коммуналдық көрсетілетін қызметтері үшін төлем Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық көрсетілетін қызметтер төлеміне арналған шығыстарды (үйге ортақ қажеттіліктер) есептеу әдістемесі [9] бойынша есептеледі.

6.6 Есептелген төлемді қайта есептеуді көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер тұтынушының жазбаша өтініші негізінде мынадай жағдайларда жүргізеді:

- көрсетілетін қызметті ұсынбау немесе тиісті актімен расталатын тиісінше сапасыз көрсетілетін қызметті ұсыну;
- есептік қатені анықтау;
- тексеру актісімен расталған ЖЕА, үйге ортақ есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулы үзілістер.

6.7 Өсімпұл тұтынушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес белгіленген мерзімнен артық уақытта коммуналдық көрсетілетін қызметтерге төлем төлеу мерзімі өткен жағдайда есептеледі.

Электрмен жабдықтау шартында белгіленген мерзімдерде электр энергиясы үшін төлем төленбеген, толық төленбеген кезде, сондай-ақ Электр энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес электр энергиясын тұтынудың шартта белгіленген режимі бұзылған кезде, энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның энергиямен жабдықтаушы ұйымның өтінімі бойынша электр энергиясын беруді ішінара не толық тоқтатуға құқығы бар.

Электр энергиясын тұтынушыға беруді толық тоқтатуды Электр энергиясын пайдалану қағидаларында көрсетілген бұзушылықтарды жою туралы талаптар белгіленген мерзімдерде орындалмаған кезде энергия беруші ұйым жүзеге асырады.

Көрсетілген бұзушылықтар анықталған кезде, энергиямен жабдықтаушы ұйым Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларының 5-2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға электр энергиясын беруді тоқтатуға (шектеуге) өтінім жібереді.

Бұл жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыға электр энергиясын жеткізуді тоқтатқанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жібере отырып, электр энергиясын жеткізуді тоқтату туралы жазбаша ескертеді.

Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушылар үшін хабарлама кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жіберіледі.

7 БЕО ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Цифрландыру және мемлекеттік және коммерциялық платформалармен интеграция жағдайында БЕО-ның сенімді, қорғалған және тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін мынадай техникалық талаптар белгіленеді:

7.1. БЕО автоматтандырылған ақпараттық жүйесі есептеу, төлемдер, есепке алу аспаптарының көрсеткіштері туралы деректерді қабылдауды, сақтауды, өңдеуді және мұрағаттауды қамтамасыз етеді.

7.2 БЕО цифрлық архитектурасы мемлекеттік ақпараттық жүйелермен және екінші деңгейлі банктердің төлем жүйелерімен біріктіріледі және интеграцияланады.

7.3 Деректермен алмасу кезінде БЕО шифрлау хаттамалары мен цифрлық қолтаңбаны қолдауды қамтамасыз етеді. Серверлер мен деректер базасы ҚР СТ ISO/IEC 27001 халықаралық стандарттары бойынша сертификатталған деректер орталықтарында орналастырылады.

7.4 Барлық сыни деректерді есепке алу және резервтік көшіру бөлінген қоймаларда кемінде 3 жыл сақтау мерзімімен резервтік көшіру деректерін сақтай отырып, тәулігіне кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Сонымен қатар деректердің ішінара зақымдалу сценарийлерін қоса алғанда, тоқсанына кемінде бір реттен сирек емес кезеңділікпен деректерді қалпына келтіруді жүйелі түрде

тестілеуді жүргізу ұсынылады. БЕО жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін деректердің бір бөлігі зақымдалған немесе жоғалған жағдайда іс-қимыл жоспары әзірленеді және қолдау етіледі.

7.5 Жеке шотқа, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мен жеткізушілердің тарихи есептеулері мен көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, жеке кабинеттерге кіру веб-портал және/немесе мобильді қосымша арқылы жүзеге асырылады. Тұтынушылар үшін онлайн-өтініштер, шағымдар, көрсеткіштер беру және ілеспе құжаттарды жүктеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

7.6 БЕО цифрлық сервистерінің қолжетімділігі айына уақыттың (uptime) 99% кем емес деңгейінде болуға тиіс. Интерфейстік қолдау көп тілді (қазақ, орыс, қажет болған жағдайда - ағылшын) болуға тиіс.

7.7 БЕО «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мен жеткізушілердің дербес және коммерциялық деректерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Пайдаланушыларға қолжетімділік пен авторландыруды басқару мыналарды қамтуға тиіс:

- қызметкерлерге арналған екі факторлы аутентификация және БЕО әкімшілік қолжетімділігі;
- есеп жүйелеріндегі ақпаратқа қол жеткізуге және өзгертуге байланысты барлық әрекеттерді журналға жазу;
- қауіпсіздік аудитін тұрақты жүргізу және БЕО ақпараттық жүйесін стресс-тестілеу.

7.8. БЕО жүйесінің сенімділігі мен ақауларға төзімділігі қайталанатын байланыс арналары мен қуат көздерін пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі. АТ-инфрақұрылымының техникалық жай-күйін мониторингілеу жүйесі жауапты адамдарды жұмыстағы ақаулар туралы автоматты түрде хабардар етуге тиіс.

БЕО жылына кемінде бір рет апатты қалпына келтіру және тестілеу жоспарының (Disaster Recovery Plan) орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

7.9 Сыртқы жүйелермен интеграция көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерден, жергілікті атқарушы органдардан және уәкілетті сервистік компаниялардан АРІ-қол жеткізу жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Негізінен ашық және стандартталған деректер форматтары (XML, JSON, SOAP, REST) және т.б. қолданылады

7.10 БЕО төлем жүйесі екінші деңгейлі банктердің төлем жүйелерімен, төлем терминалдарының провайдерлерімен нақты уақыт режимінде немесе коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен бекітілген айырбастау кестесі бойынша синхрондалуға тиіс.

7.11 БЕО ҚР СТ ISO/IEC 27001 талаптарына сәйкес қажетті процестер мен олардың өзара іс-қимылын қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесін әзірлеуге, енгізуге, жұмыс жағдайында ұстауға және үнемі жетілдіруге тиіс.

7.12 БЕО жеткізуші ұсынған ақпараттың және берілген шоттарға сәйкестігі үшін толық жауапты болады.

7.13 Есептеулердің дұрыстығын жоспарлы ішкі тексеру тоқсанына кемінде бір рет, жоспардан тыс - тұтынушылардан немесе уәкілетті органдардан өтініштер түскен кезде жүргізіледі.

8 ШАРТТАРДЫ ЖАСАСУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

8.1 БЕО тұтынушыларға көрсетілген қызметтерге төлемнің көлемі мен сомасын БТҚ-ға қосу бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар жасасады.

8.2 Жекелеген коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарттардың мазмұны тиісті уәкілетті органдар бекіткен Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің үлгілік қағидаларының және Шарттардың үлгілік нысандарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

8.3 Тұтынушылармен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға жасалған шарттар бойынша ақпаратты коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізуші айына 1 реттен кем емес кезеңділікпен БЕО мен жеткізуші арасындағы шартта көзделген тәртіппен қабылдау-тапсыру актісі бойынша береді.

8.4 Өз қызметін жүзеге асыру үшін БЕО коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушімен, басқару нысанымен, кондоминиум объектісін басқару субъектісімен немесе сервистік қызмет субъектісімен (өтінім бойынша) шарттар жасасады.

БЕО мен жеткізуші арасында жасалатын шарттар коммуналдық көрсетілетін қызметтердің әрқайсысын ұсыну процесінің барлық технологиялық, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеруге тиіс. БЕО көрсетілетін қызметтерінің құнын тараптар айқындайды.

БЕО мен басқару нысаны, кондоминиум объектісін басқару субъектісі немесе сервистік қызмет субъектісі арасында шарттар жасасу кезінде құқық белгілейтін құжаттар (1-кестеде келтірілген) және БТҚ-ға қызметтерді қосу үшін қажетті тізбе қоса берілген өтінім ресімделеді (2-кестеде келтірілген). Шарттарды (жеке не жария шарттар) жасасу кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің тәртібін басшылыққа алады.

1-кесте – Кондоминиум объектісінің басқару нысаны, басқару субъектілері және сервистік қызметі субъектілері үшін құқық белгілейтін құжаттардың тізбесі

Кондоминиум объектісінің басқару нысаны, басқару субъектісі және сервистік қызметі субъектісі	Құқық белгілейтін құжаттардың тізбесі
Мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ)	<ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама; - МИБ төрағасының (сенім білдірілген адамның) жеке куәлігі; - МИБ Жарғысының көшірмесі; - екінші деңгейлі банктерде ағымдағы және жинақ шоттарының болуы туралы анықтама
Кондоминиум объектісін басқару субъектісі – ПИК басқарушы компаниясы	<ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама; (https://egov.kz/cms/ru/services/e_084); - бірінші басшыға (сенім білдірілген адамға) бұйрықтың көшірмесі; - кондоминиум объектісін басқару органымен жасалған шарттың көшірмесі немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының хаттамаларының пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің тиісті шешімі мен дауыс беру парақтарының көшірмелері бар көшірмелері; - тұрғын үй инспекциясымен жасалған шарттың көшірмесі (уақытша басқарушы компаниялар үшін);

	- екінші деңгейлі банктерде есеп айырысу шотының болуы туралы анықтама
«Домофон», «Бейнебақылау», «Лифт», «Лифтіге техникалық қызмет көрсету», «Телекоммуникациялық компаниялар» көрсетілетін қызметтерінің сервистік қызметінің субъектісі және басқалар.	- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе дара кәсіпкер куәлігінің көшірмесі; (https://egov.kz/cms/ru/services/e_084); - бірінші басшыға (сенім білдірілген адамға) бұйрықтың көшірмесі немесе дара кәсіпкердің жеке куәлігінің көшірмесі; - кондоминиум объектісін басқару нысанымен жасалған шарттың көшірмесі; - екінші деңгейлі банктерде есеп айырысу шотының болуы туралы анықтама

2-кесте – Көрсетілетін қызметтерді Бірыңғай төлем құжатына енгізу үшін қажетті құжаттар тізбесі

Көрсетілетін қызметтердің/жарналардың атауы	Құжаттар тізбесі
Пайдалану шығыстары, сервистік қызмет көрсету қызметтері	
«Домофон», «Бейнебақылау», «Лифт», «Лифтіге техникалық қызмет көрсету», «Телекоммуникациялық компаниялар» көрсетілетін қызметтері үшін	- пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері жиналысының хаттамаларының көшірмелері; - пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелерінің тарифті бекіту/өзгерту туралы дауыс беру парақтарының көшірмелері; - сервистік компания мен кондоминиум объектісін басқару органы арасында жасалған сервистік көрсетілетін қызметтер шарттарының көшірмелері немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының хаттамасының осы көрсетілетін қызметтер бойынша тарифті бекіту туралы не дербес қызмет көрсету туралы дауыс беру парағы (қажет болған жағдайда) мен қабылданған шешімі бар көшірмелері
сондай-ақ «Тұрақ орны», «Қойма» көрсетілетін қызметтері үшін	кондоминиум объектісін басқару немесе тұрақ орындары мен қоймалардың меншік иелері жиналысы хаттамасының осы көрсетілетін қызметтер бойынша тарифті бекіту туралы не дербес қызмет көрсету туралы дауыс беру парағы (қажет болған жағдайда) мен қабылданған шешімі бар көшірмесі - пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері жиналысы хаттамасының көшірмелері; - пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелерінің дауыс беру парақтарының нысаналы қаражаттың алымы мен мөлшері туралы қабылданған шешімі бар көшірмесі

	<ul style="list-style-type: none"> - пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері жиналысы хаттамасының көшірмелері; - пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің дауыс беру парақтарының жинақтау жарналарының алымы мен мөлшері туралы қабылданған шешімі бар көшірмесі (м² үшін 0,005 АЕК-тен кем емес); - жинақ шотының болуы туралы екінші деңгейлі банктен анықтама
Жарналар (нысаналы, жинақтаушы)	
«Нысаналы алым»	
«Жинақтаушы жарна»	

8.5 БЕО мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізуші немесе кондоминиум объектісін басқару нысаны (субъектісі) немесе сервистік қызмет субъектісі арасындағы шарт мынадай жағдайда бұзылуы мүмкін:

- жеткізуші тұтынушылармен есеп айырысудың өзге нысанына ауысқан кезде тараптардың өзара келісімі бойынша;
- БЕО немесе коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің қызметі тоқтатылған жағдайда;
- соттың, уәкілетті органның шешімі бойынша не жеткізушінің қызметін шектейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде.

8.6 Шартты бұзуға бастамашы болған тарап екінші тарапқа 30 күннен кем емес уақыт бұрын жазбаша хабарлама жібереді. Есептеулерді, даулы көрсетілетін қызметтерді және берешектерді қоса алғанда, қаржылық есептеулер шарт бұзылған күнге дейін аяқталуға тиіс.

8.7 Шартты бұзуды ресімдеу бұзылған күні және қол қою сәтіндегі есеп айырысулардың жай-күйі тіркелген бұзу туралы актімен жүзеге асырылады.

8.8 Даулы есептеулер бұзу күшіне енгенге дейін БЕО немесе уәкілетті орган арқылы реттеледі.

9 АНАЛИТИКА, ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

9.1 БЕО әрбір есеп айырысу кезеңі үшін коммуналдық көрсетілетін қызметтерге төлем туралы жүйелі есеп қалыптастырады. Есепте көрсетілетін қызмет түрлері бойынша есептеулер мен келіп түскен төлемдердің жиынтық сомасы, есеп айырысу кезеңі ішіндегі күндер бойынша төлемдер динамикасы, берешек және мерзімі өткен міндеттемелер статистикасы, пайыздық және абсолютті мәндегі жинақ көрсеткіштері қамтылады.

Деректер коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге келісілген нысанда және мерзімде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі тұтынушысының жеке кабинеті, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісінің мобильді қосымшасы немесе интернет парағы арқылы есептік кезең аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

9.2 Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді алмаған кезде, тиісінше сапасыз немесе толық көлемде емес коммуналдық көрсетілетін қызметтерді алған кезде тұтынушы бұл туралы жеткізушіні жеке өзі (өтініммен) немесе электрондық түрде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы не жеткізушінің тұтынушымен өзара іс-қимыл жөніндегі құрылымдық бөлімшелері

арқылы, оның берілген уақыты, күні және өтінімді берген/қабылдаған адамның тегі міндетті түрде көрсетіле отырып, хабардар етеді.

9.3 Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде тұтынушы жіберген бұзушылықтар жеткізуші мен тұтынушы өкілдерінің екі жақты актісімен екі данада ресімделеді, олардың біреуі тұтынушыға тапсырылады.

9.4 Актінің негізінде жеткізуші есепке алынбаған энергияның, судың және газдың мөлшерін айқындайды, тұтынушыға қосымша төлем сомасын негіздей отырып, сотқа дейінгі шағымды жолдайды.

9.5 Барлық актілер, тұтынушылардың өтінімдері, шағымдар мен сотқа дейінгі хабарламалар талдауды, бақылауды және есептеулердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін өңдеу күні, уақыты мен мәртебесі белгіленіп, БЕО-да міндетті түрде тіркелуге жатады.

9.6 БЕО коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің есептеулерді түзетуді уақтылы орындауын бақылайды және тұтынушылар мен жеткізушілер үшін есептеулер мен есептіліктегі барлық өзгерістердің көрсетілуіне кепілдік береді.

БИБЛИОГРАФИЯ

[1] «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Қазақстан Республикасының Заңы.

[2] «Жылу энергиясы мен жылу тасымалдағышты есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 135-н/қ және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 112 бірлескен бұйрығы.

